

САРАПТАМА

ТҰМАНДЫ
АЛЬБИОНДАҒЫ
ТОЛҚУ

2

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ
ЖАҢА
ФИЛОСОФИЯСЫ

5

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

КЕЛІНШӘЙ

12

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

БӘСІ БИІК БӘСЕКЕ

Алматыда жасөспірімдер арасында өрт сөндіру – құтқару спортынан әлем чемпионаты өтті

Шаһардың Орталық стадионында ұйымдастырылған сайыстың соңғы сәтіндегі рәсім төрт күн бойы Алматы стадионы алаңында өткен әлемдік спорт бәсекесінің ең жарқын сәттерін қайтара еске алу орайында экраннан сынақ барысының бейнекөріністерін көрумен басталды. Жиылған қауым жаһандық спорттық жарысқа қатысушылардың жеңіске деген жігерін жаныған жанкешті әрекеттерін көріп бір сүйсінсе, сынақтан соңғы қысқа сұхбаттар бейнеленген бейнероликті көріп: «Беу, жарайсыңдар!» десті.

Айнабай
МӘДИ

Жеті жұттың бірі – өрт сөндіру, адамдарды тілсіз жау саналатын апаттан құтқару – адамзаттық парыз емес пе. Олай болса, жер-жаһандағы спортқа бейім, өршіл өрендердің осынау спортқа жанын

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №66 (6517) 20 тамыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

12+

ПЕДАГОГИКА

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

«Digital Kazakhstan: жаңа замандағы цифрлық білім беру»

Алматы қаласы педагогтерінің дәстүрлі Тамыз кеңесі биыл жаңаша болмыста өтті. Білім саласы қызметкерлерінің басқосуы алғаш рет «Digital Kazakhstan: жаңа замандағы цифрлық білім беру» атты тақырып аясында өтті. 2024-2025 оқу жылының басталуына арналған дәстүрлі Тамыз педагогикалық саммитінің жұмысына қала педагогтері, сондай-ақ білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысты. Тамыз басқосуының түпқазығы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, білім беру саласындағы тәжірибе мен жаңа технологиялармен алмасуға бағытталды.

Өмірдің нақылы: ...Мұғалім – мектептің жүрегі. Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс. Ыбырай АЛТЫНСАРИН.

6

ҚАЗHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

20.08.2024

Түнде: +16+18 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +26+28 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 13м/с

21.08.2024

Түнде: +18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +27+29 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с

www.almaty-akshamy.kz

сала кірісуі керемет! Міндетін мінсіз атқаратын, қауіп-қатерін біле тұра, басын бәске тігетін мамандар сапының үздіксіз жалғасып жатқаны да үнсіз қуантады. Бұл жарыстың өзгешелігі сол, жасөспірім ұл-қыздар арасында өрт сөндіру-құтқару спорт сайысы елімізде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұл – өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша жасөспірім ұлдар арасында – XIII, жасөспірім қыздар арасындағы IX жазғы әлем чемпионаттары. Әлем чемпионатына Беларусь, Болгария, Қазақстан, Ресей, Словакия, Чехия командалары қатысты. Бақылаушылар ретінде Сауд Арабиясының өкілдері келген болатын.

10



«Бірегейлік қақтығысы»:

ТҰМАНДЫ АЛЬБИОНДАҒЫ ТОЛҚУ

Англияда әлеуметтік дұрдараздықты өршіткен оқиғалар астарына үңілгенде...



(Дереккөз: www.cnn.com)

«Жалған ақпарат» әлеуеті қарудан да мықты болып тұр

Блумберг зерттеуіне сәйкес, 2023 жылы Англияға келген мигранттар саны рекордтық көрсеткішке жетіп, миграциялық салы-до 672 мың адамға көбейгені жарияланған еді. Ливерпульдағы жасөспірімдерге жасалған қастандықтан кейін, ақпараттық алаңда кеңінен таралған түрлі жалған ақпараттар мен негізсіз айыптаулар Англия мен Солтүстік Ирландияда соңғы он жылда болмаған бұқаралық толқуға ұласты.

Аталмыш толқуды радикал оңшылдар тиімді пайдаланып, қоғамда тұрақсыздық орнады. Арада екі апта өткеннен соң күдіктінің жасы 18-ге толғаннан кейін, ресми органдар оның толық аты-жөні, шығу тегін жариялады. Күдікті – Англия тумасы, жергілікті тұрғын Аксель Рудакубана екендігі белгілі болды. Расында да басты күдіктінің шығу тегі Африкадан болғанымен, Аксель Рудакубана Англияда туылған, жергілікті азамат.

Десе де, Соутпорттан бастау алып, тұтас Англияны қамтыған бұқаралық бас көтеру

кәйсі әлем жұртшылығы үшін маңызды сабақ болды. Біріншіден, ақпараттық дәуірдегі негізсіз жалған ақпараттың таралу жылдамдығы. Ақпарат ағыны жылдам әрі алуан болған кезде, ақпарат алаңында жалған, бұрмаланған ақпараттың таралуы халықты ұйыстырудың орнына, әлеуметтік қақтығысқа негіз болады. Сондықтан бүгінгі таңда әрбіріміз үшін ақпаратты ресми органдардан бірнеше рет тексеріп қана ұсынуымыз керек. Себебі, Англиядағы жағдаят көрсеткендей, Соутпорттағы жағдаятты радикал оңшылдар, анти иммигрант қозғалыстары өз мүддесі үшін қолданғаны айқын болып отыр.

Екіншіден, кез келген қылмысқа, заңсыз әрекетке барған азаматта ұлт та, этникалық шығу тегі де жоқ. Қылмыскерді жеке арнайы жауапты органдардың тергеп-тексеруіне мүмкіндік беруді үйренудің маңыздылығын бүкіл әлем сезініп, түйсігімен түсініп отыр. Англиядағы бұқаралық бас көтеруге қатысқан азаматтардың талап-тілегінен жергілікті тұрғындардың босқындарды жаппай қабылдауға, мигранттардың елге келуіне деген қарсылықты байқаймыз. Мәселенің шығу тегі, себебі тереңде жатыр.

Соңғы жылдары жаһандану процесінің салдарынан азаматтар өте мобильді болып отыр. Түрлі жағдаяттар бойынша әлемнің бір бөлігінен келесі бір бөлігіне ауысып, жұмыс жасап, мансап қалыптастыруда. Екіншіден, жаһан елдері арасындағы экономикалық даму бойынша алшақтықтың арта түсуі азаматтардың жаппай миграциялық процестерге көптеп тартылуына себеп. Сондықтан қоғамдағы бірегейлік қақтығысы азаматтардың шығу тегіне байланысты бағалау, айыптау алдағы уақытта үдей бермек. Бұл тұрғыда әрбіріміз үшін маңызды фактор – әрбір азаматтың шығу тегі мен келген аймағына қарамастан заң алдында бәрінің тең екенін естен шығармағанымыз абзал.

Еліміздегі қоғамдық татулық – әлемге үлгі

Елімізде жүзден аса ұлт пен ұлыстың тату-тәтті өмір сүруінің бірден-бір себебі, жүйелі жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік саясаттың нәтижесі. Қазақстандық қоғамдық бірегейлік моделінің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Еліміздің азаматтарын мемлекеттік рәміздерімізден бастап, мемлекеттік тіл, мемлекетшілдік идеясы, отаншылдық, патриоттық құндылықтар біріктіреді. Соның жарқын мысалы, жақында ғана Париж қаласында өткен XXXIII олимпиада жеңімпаздарының тұтас халықты біріктіруі, спортшыларымызды бірігіп қолдауымыз, жеңісіне қоғам болып қуануымыз халқымыздың бірлігі мен тұтастығының жарқын мысалы.

Тәуелсіздік туын асқақтату, ел келешегінің кемелденуі әрбіріміз үшін – азаматтық борыш. Әрбір азамат туған елін, жерін, салт-дәстүрін, тарихы мен мәдениетін құрметтейтін, сүйетін, мақтан тұтатын, ұлтжанды азамат болуы тиіс. Себебі, біртұтастық пен татулық қана қоғамды алға жетелейтін басты құндылықтар.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ЖАПОНИЯ»

саммитіне Ф.Кишиданың келмеуінің сыры неде?



9 тамызда Астанада «Орталық Азия + Жапония» бірінші саммиті өтуі керек еді. Алайда, Фумио Кишида Жапониядағы жер сілкінісі қаупіне байланысты аймаққа сапардан бас тартты. Аймақ елдері үшін маңызды кездесудің кейінге шегерілуі өкінішті. Алайда, мемлекеттік деңгейдегі шаралар орынсыз кейінге шегерілмейді. Осы орайда Жапонияның ішкі жағдайын талдасақ, саммиттің өтпей қалуына тек табиғи апат қана емес, ішкі қоғамдық-саяси жағдай да себеп болған екен.

Жойқын жер сілкінісі қаупі

Биыл 9 тамызда алғаш рет «Орталық Азия+Жапония» форматындағы кездесу жоспарланған болатын. 10 тамызда Жапонияның премьер-министрі Фумио Кишида Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен екіжақты кездесулер өткізуді жоспарлаған. Бұдан кейін ол Өзбекстан мен Моңғолияға ресми сапармен баруы керек еді. Бірақ Жапонияның Хонсю аралындағы Нанкай жарығында жер сілкінісі қаупі тіркелді. Соған байланысты Ф.Кишида аймақ елдеріне ресми сапарынан бас тартты. Себебі, 100–200 жылда бір рет аралда 8,0 баллға жететін жер сілкінісі тіркеледі.

Жапон ғалымдарының болжамы бойынша алдағы 30 жылда 8,0-9,0 баллға жететін жер сілкінісі болу қаупі 70–80%-ды құрайды. Әзірге ғалымдардың болжамы келмеді. Тек 9 тамызда Канигава префектурасында 5,3 баллдық жер сілкінісі тіркелді.

Бұл, әрине, ресми мәлімдеме. Жапонияның қазіргі премьер-министрінің Орталық Азияға сапарының кейінге шегерілуінің түпкі себебі елдегі күрделі қоғамдық-саяси жағдай да болуы мүмкін.

Партиялық мүдденің басымдығы

14 тамызда Ф.Кишида қыркүйек айында қызметтен ке-

тетіні жайлы мәлімдеме жасады. Оған саяси келеңсіз оқиғалар, инфляциядан туындаған қоғамдық наразылық себеп болып отыр. Мұның бәрі ол мүше болып саналатын билеуші Либерал-демократиялық партияның ішкі наразылығын да күшейтті. Сондықтан осындай шешімге келді.

Ол өз сөзінде: «Саясат қоғамдық сенімсіз өмір сүре алмайды. Мен қоғамды ойлай отырып және алда жүзеге асуы тиіс саяси реформалардың қажет екенін ескеріп, осындай күрделі шешімге келдім», – деп мәлімдеме жасады. Оның бұл мәлімдемесінен жапондық ұлттық ерекшелікті көруге болады. Байғы самурайлар секілді, өз мақсатына жете алмағандықтан саяси құрбан болды. Екінші мерзімге сайланудан да бас тартқанын мәлімдеді.

Ф.Кишиданың өзін саяси құрбандыққа шалуының себебін партиялық мүддеден іздеу керек. Либерал-демократиялық партия 1955 жылы екі партияның қосылуы арқылы құрылған. ЛДП 2012 жылдан бері парламенттік сайлауда жеңіске жетіп, билеуші партия атанған. 2012, 2014, 2017 жылдары кезектен тыс сайлау өтіп, Синдзо Абэ бастаған ЛДП қатарынан үш рет жеңіске жетті. Осылайша С.Абэ ұзақ жылдар бойы премьер-министр лауазымын атқарды. Алайда, 2018 жылы оның рейтингісі түсіп кетті. Оған қарамастан 2019 жылы қайтадан партияның төрағасы ретінде сайланды. Бірақ 2020 жылы денсаулығына байланысты қызметтен кетті. Бұған әлемдік пандемия да әсер етуі мүмкін. Себебі, коронавирус бүкіл әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсер етті.

Сол жылы С.Абэның орнына Е.Суга келді. Алайда, ол да билікте ұзақ отырмады. 2021 жылы ЛДП төрағасына сайлауда Ф.Кишида жеңіске жетті. Басшының алмасуы парламент сайлауында партияның жеңіске жетуіне түрткі болды. Осылайша Ф.Кишида 3 жыл Жапонияның премьер-министрі лауазымын атқарды.

Алайда, соңғы уақытта Кишиданың әкімшілігі халықтың сынына жиі ұшырады. Әсіресе, бұрынғы Шіркеу бірлестігі атты жұмысы, бұлыңғыр ұйыммен байланысы жайлы оқиға оның рейтингін түсірді. Сондай-ақ, экономикалық дағдарыс белгілері байқалады. Мысалы, бытыр инфляция 3,1%-ға жеткен. Бұл соңғы 41 жылдағы ең жоғарғы кері көрсеткіш. Себебі, Жапонияда бір жылдық инфляция 2%-дан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, ЛДП партиясында әр 3 жыл сайын төраға сайланады. Биыл Кишиданың өкілеттігі аяқталады. Оның рейтингі түскенін ескере отырып, партия 2025 жылы өтуі тиіс парламенттік сайлауға алдын ала қамданып жатқан сияқты.

Саммиттік форматтың болашағы қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 9 тамызда Жапонияның премьер-министрі Фумио Кишидамен телефон арқылы сөйлесті. Осы оқиғаға байланысты Ақорда мынадай ақпарат берді:

«Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияда болған жер сілкінісіне байланысты жапон халқына сабыр тілеп, табиғат апатының салдары ауыр болмайды деп үміттенетінін айтты.

Өз кезегінде Фумио Кишида Қазақстанға ресми сапарын, соның ішінде «Орталық Азия + Жапония» диалогының бірінші саммитіне қатысуын амалсыздан кейінге шегергенін өкінішпен жеткізді. Мемлекет басшысы жоспарланған сапардың кейінге қалуын түсіністікпен қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Фумио Кишида қазақ-жапон қатынастарының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылап, өңіраралық ықпалдастық мәселелері жөнінде пікір алмасты».

Демек, саммит өтеді. Тек оның уақыты ауысты. Қала берді, Жапонияда басшының ауысуынан сыртқы саясат айтарлықтай өзгермейді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, 22-23 тамыз күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әмомали Рахмонның шақыруымен Тәжікстан Республикасына мемлекеттік сапармен барады.



МЕМЛЕКЕТТІК САПАР

Сапар аясында шағын құрамда және екі ел үкіметтері делегацияларының қатысуымен жоғары деңгейде келіссөздер өтеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Әмомали Рахмон Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылайды. Сондай-ақ екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

• **Еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биылғы 20–22 тамыз аралығында Тәжікстанда Қазақстан Республикасының мәдениет күндері өтеді.**



Мәдениет күндері аясында бірқатар ірі іс-шаралар өткізу жоспарланған. 20 тамызда Душанбе қаласындағы «Ватан» кинотеатрында қазақстандық кино күндерінің ашылуы өтеді. 22 тамыз күні сағат 19.00-де «Кохи Борбад» мемлекеттік кешенінде Қазақстан өнер шеберлерінің қатысуымен гала-концерт өтеді, оған Қазақстанның халық әртістері мен еңбек сіңірген қайраткерлері, сондай-ақ халықаралық конкурс лауреаттары қатысады. Сонымен қатар, гала-концерт басталмас бұрын «Кохи Борбад» мемлекеттік кешені фойесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің қорынан «Қазақ халқының қолданбалы-сәндік өнері» атты көрмесі ұсынылады. Көрменің негізін XVIII-XX ғасырлардағы қолданбалы өнердің бірегей заттары құрайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: https://t.me/aqorda_resmi)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

2024 жыл, қаңтар – шілде:

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР

274 млрд теңгеден астам сомаға жәрдемақы алды

Биылғы жыл басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен орта есеппен 583,4 мың отбасы жалпы сомасы 274,8 млрд теңге мөлшерінде қамтылды, оның ішінде шілде айында 577,1 мың отбасыға жалпы сомасы 38,6 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді.

2024 жылы:

• 4 баласы бар отбасыларға – 16,03 АЕК немесе 59 183 теңге;

• 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 73 988 теңге;

• 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 88 793 теңге;

• 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 103 598 теңге;

• 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 14 768 теңге мөлшерінде төленеді.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 7%-ға артқанын атап өткен жөн. Жалпы, биыл көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 474,8 млрд теңге қарастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА ҚАБЫЛДАНДЫ

Үкімет бизнесті қолдау шараларын қайта қарады

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұжырымдалған тапсырмаларын орындау мақсатында Үкімет «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған кешенді бағдарламаны әзірлеп, қабылдады.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында мемлекет жүргізіп отырған саясаттың қазіргі күн тәртібі мен мықты, бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру қажеттігін ескере отырып, жаңа бағдарлама аясында тиімді жобаларға қолдау көрсету көзделген.

Жаңа жобаларды субсидиялау үшін бюджетті бөлу негізінен өңдеу өнеркәсібі саласындағы (шамамен, 50%) кәсіпорындар арасында жүзеге асырылады.

Бюджетке түсетін жүктемені азайту үшін қызмет көрсету саласындағы жобаларды субсидиялау мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды.

ШОБ жобаларын субсидиялаудың сараланған әдісі қарастырылған, бұл кезең-кезеңімен нарықтық жағдайларға көшіруді көздейді. Субсидиялауға

жататын жекелеген қызмет салалары оңтайландырылды.

Несиелер бойынша кепілдік беру құралы кеңейтілді, атап айтқанда, кепілдіктер сомалары ұлғайтылды, бизнес субъектілеріне 1 млрд теңгеден асатын несие сомаларына нарықтық шарттар бойынша кепілдік алу мүмкіндігі берілді.

Бағдарламада мемлекеттік қолдаудың баламалы құралы ретінде синдикатталған несиелеу қарастырылған, ол бір мезгілде бірнеше банк арқылы 15 млрд теңгеге дейін ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді.

Сондай-ақ, облигациялық қарыздар беру шарттары едәуір кеңейтілді. Мәселен, эмитент-кәсіпкер облигация шығару кезінде купондық сыйақы мөлшерлемесіне субсидия алып, 5 жыл мерзімге дейін 6% мөлшерлемемен

өндірістің технологиялық күрделілігіне қарай мемлекеттік қолдаудың сараланған тетіктерін енгізу жоспарлануда. Жоғары технологиялық дайын өнім шығаратын кәсіпкерлер үшін қолдау шаралары ұзақ мерзімге арзандатылған несие беруді қамтитын болады.

• **Аталған тетіктер бизнесті мақсатты әрі тиімді қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, тұрақты экономикалық өсімге және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

ЕҢБЕК ИНСПЕКТОРЛАРЫ

1 қыркүйектен бастап штаттық режимде жұмыс істейді

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі республикалық кеңесте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов 1 қыркүйектен бастап министрлік жанынан Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті жұмыс істей бастайтынын мәлімдеді.

2024 жылғы 6 тамызда ҚР Үкіметінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетін және оның аумақтық департаменттерін құру туралы қаулысы қабылданғаны белгілі.

Вице-министр Комитет пен оның аумақтық департаменттерін құру, штаттарды жасақтау жұмыстары тамыз айында аяқталатынын еске салып, штат кестесін ауыстыру мен еңбек және ұжымдық шарттарды электрондық форматта жасасу, «Кәсіподақтардың автоматтандырылған жұмыс орны» ақпараттық модулін енгізу арқылы еңбек қатынастарын декларациялау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы айтып берді.

Енді жұмыскерлер құқықтарының сақталуына мемлекеттік бақылау күшейеді. 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік еңбек инспекторлары штаттық режимде жұмыс істейді.

Тамыз айының соңына дейін Комитет пен жергілікті атқарушы органдар барлық қажетті заңдық және техникалық рәсімдерді аяқтайтын болады. Бұл еңбек заңнамасының сақталуына және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейтуге



(Дереккөз: ortcom.kz)

Ақмәди САРБАСОВ
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі:

Әлеуметтік кепілдіктер беру:

ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ЖӘНЕ ПРОАКТИВТІ ТЕТІКТЕР ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ

Қазақстанда цифрлық шешімдер мен негізгі бизнес-процестерді автоматтандыруды қоса алғанда, қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз ету бойынша жүйелі шаралар іске асырылуда. 2025 жылдан бастап кәсіби тәуекелдерді интегралды бағалау рәсіміне толық ауқымды көшу және цифрлық құралдар мен аспаптарды қолдануға баса назар аударатын, арнайы ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту жоспарлануда. Жеке қорғаныс құралдарын таңдаудың және әлеуметтік кепілдіктер берудің тәуекелге бағдарланған және проактивті тетіктері енгізілетін болады. Үш тараптың – мемлекеттің, жұмыс берушінің және жұмыскердің еңбек жағдайларын жақсартуға тартылуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені қабылданып болады, бұл жұмыс күшінің сапасын арттыруға және еңбек ресурстарын үнемдеуге оң әсер етеді.

мүмкіндік бермек. Спикер еңбекті қорғауды басқарудың ұлттық жүйесін жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан

жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталып, бағдарларын айтып берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЭКОЛОГИЯ



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

үлесі 70 пайызға
дейін ұлғаяды

Алматыда биыл экологиялық
қоғамдық көліктің үлесі
70 пайызға дейін ұлғаяды.

«Алматыда қоғамдық көлікті дамыту аясында оның экологиялық түріне көшуін қамтамасыз ету, жаңарту жұмыстары жалғасуда», деп хабарлады Алматы қалалық Мобильділік басқармасы. Биыл жергілікті бюджет есебінен газбен жүретін 600 автобус, 100 электробус пен 112 троллейбус сатып алуға тапсырыс орналастырылды.

Жеке автопарктер осы жылдың бірінші жартыжылдығында газбен жүретін 150 автобус пен 15 электробус сатып алды. Осылайша биыл экологиялық таза қоғамдық көліктің үлесі – 53,7-ден 70 пайызға дейін ұлғаяды. Оларды орташа пайдалану мерзімі 3 жылдан 2,5 жылға дейін қысқартатын болады.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

ҚҰЛЖА КҮРЕЖОЛЫ

түнгі уақытта жабылады

Алматыда Құлжа
күрежолының жаңартылған
аумағында қозғалыс түнгі
уақытта жабылады.

Рысқұлов даңғылынан Бұқтырма көшесіне дейін Құлжа күрежолын жаңарту жұмысы жалғасуда. Бұл жұмыс аясында жолдың бөлігін 4-тен 6 жолаққа дейін кеңейту көзделген. Жұмыс кезінде учаскеде екі бағыттық қозғалыс болды, алайда шілдедегі жаңбырлы ауа райына байланысты жұмыс кестесі бұзылды. Осыған байланысты жол бойындағы жұмыстар тамыз айының соңына дейін аяқтау мақсатында түнгі уақытта қосымша қозғалысқа шектеу енгізіледі.

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ

ҚОЗҒАЛЫС УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

Қаламыздағы Павлодар
көшесінің бойында көлік
қозғалысы 26 тамызда түн
ортасына қарай ашылады.

Аталған көшедегі жылу құбырын жөндеу мерзімі ұзартылғандықтан, осындай уақытша қолайсыздық туындап отыр. Жергілікті жылу желілерін жаңғыртуға орай, өткен аптада түнде енгізілген Жетісу ауданының Павлодар көшесінің бойымен №136 үйден бастап Мақатаев көшесіне дейін екі бағытта қозғалысты шектеу мерзімі 26 тамыз, түнгі сағат 12-ге дейін ұзартылды.

Жаңғырту жұмысы кезінде төңіректің тұтынушылары ыстық сумен бұрынғысын-

ДЕМАЛЫС ОРНЫ

«БҰЛАҚ КӨРСЕҢ – КӨЗІН АШ»

Бір кездері әйгілі «Горельник» термалды бұлағын салған алматылық кәсіпкер, меценат Спицын мәлімдеме жасады. Кәсіпкер бұл ыстық бұлақтың жағдайы нашарлығы жайлы ақпаратты жоққа шығарып отыр. Бұған дейін әлеуметтік желіде аталған бұлақтың киім ауыстыру бөлмесі қоқысқа толған, емдеу аймағының астаң-кестеңі шыққанын «көрсеткен» бейнежазба тараған болатын.

«Горельник» термалды бұлағының тазалығына жауапты экobelсенді айтып берді. Бизнесмен екі радон суы бар бассейн орналасқан алаңның бүгінгі ахуалы жайлы айтып, желіде бейнежазба жариялады. Кәсіпкер бұл термалды бұлақтың жағдайына



қатысты интернетте жағымсыз жазбалар пайда болғаннан кейін туындағанын атап өтті.

Айта кетерлігі, «Горельник» ыстық бұлағы «Медеу» мұз айдыны мен «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының

арасында теңіз деңгейінен 1901 метр биіктікте орналасқан. Бұл – ыстық және суық минералды суы бар екі бассейн бар емдеу алаңы. Бұлақ радонға бай. Су 320 метрлік ұңғымадан алынып, құбыр арқылы бассейндерге құйылады.

2016 жылы ыстық бұлақ толық жаңғыртудан өтті. Сол кезде алаңның өзі де, оның спорттық бөлігі де толық жаңартылды: үйлердің интерьері мен экстерьері заманауи үлгіге келтірілді. Мұнда велосипед тұрағы орнатылып, дәмді тағамдар ұсынатын визит орталық салынды. Бүгінде термалды бұлақ – алматылықтар мен мегаполис қонақтарының сүйікті демалыс орны.

Айтпақшы, көпшілік Шымбұлақ не Медеуге барар алдында «Горельникке» соғуды дәстүрге айналдырған.

Кейінірек бұл «байбалам салынған» бейнежазбаның бұдан бірнеше жыл бұрын түсірілгені анықталды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Енді аз күнде жаңа оқу жылы басталады. Қала көшелерінде көлік тығыны орын алып, қым-қуыт кезең басталатыны белгілі. Осы ретте Алматы полиция өкілдері кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ата-анасына үндеу жасады. Ата-аналарға балаға бас-көз болып, қараусыз қалдырмауды тапсырды.

БАЛАҢЫЗҒА БАС-КӨЗ БОЛЫҢЫЗ!

Ағымдағы жылдың өзінде Алматыда балалардың қатысуымен 623 жол көлік оқиғасы тіркелген екен. Әсіресе, жол-көлік оқиғасының дені мопед, скутер салдарынан орын алған көрінеді. Өкінішті оқиға салдарынан бір бала қайтыс болып, 664 бала жарақат алған. Бұл арада басы ашық мәселе, әлгі жарақат алғандардың көпшілігі мопедтер мен скутерлердің жүргізушілері болып отыр. Сондықтан балаңызға мопед немесе скутер сатып аларда ойланып, ақылдасып алғаныңыз

жөн. Сөз реті келгенде, басты жауапкершілік ата-анада екенін тағы да еске салуға тура келіп отыр. Мәселен, ағымдағы жылы электр скутердің қатысуымен 47, мопедтің қатысуымен 359 жол көлік оқиғасы орын алып, ең өкініштісі, 6 адамның қаза тапқаны.

Сонымен қатар, көп жағдайда жол-көлік оқиғасының басты себебі – жолдың белгіленбеген жерден кесіп өту себеп болады. Сондықтан балаңызға жол жүру ережесін тағы да есіне салыңыз!

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ



ЗАҢСЫЗ САУДА АЛАҢЫ СҮРІЛДІ

Алматының Қала
құрылысын бақылау
басқармасы соттың шешімімен
Вильямс көшесі, 73
мекенжайындағы ірі қосымша
құрылыстың бұзылғанын
хабарлайды.

Бұрын басқарма меншік иесіне (жеке тұлғаға) қатысты жоспардан тыс тексеру нәтижесінде жобалау-сметалық құжаттама мен сараптама қорытындысының, авторлық және техникалық қадағалаудың болмауына байланысты әкімшілік шаралар қабылдаған болатын. Тексеру кезінде меншік иесі экономикалық әдіспен мансард

пен коммерциялық үй-жай салғаны анықталды.

Меншік иесі жіберілген заңбұзушылықты жоюға берілген нұсқаманы орындамағандықтан, басқарма Алматы қаласының мамандандырылған аудан-аралық экономикалық сотына ғимаратты бұзуға талап-арыз берді. Сот шешімімен басқарманың талап-арызы қанағаттан-дырылды. Меншік иесі нысанды сот орындаушыларының қатысуымен өз бетінше бұзды. Қала басшысы Ерболат Досаевтың заңсыз құрылысқа бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында былтырдан бері 45 заңсыз нысан (соның ішінде «Мечта», KHAN, «Алма Гарден» тұрғын үй, ғимарат бар) толық, сондай-ақ жартылай бұзылды.

Бетті әзірлеген

Айнабай МӘДИ



Реакторлардың үшінші буыны:

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ

Алматыда АЭС бойынша жария талқылау өтті

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматыда Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша 19-шы жария талқылау өтті. Талқылауға атом саласының сарапшылары, мемлекеттік органдардың және азаматтық сектордың өкілдері қатысты.

Іс-шараның модераторлары қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі Борис Жапаров, Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева және Алматы Азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалыков болды.

Атом өнеркәсібі –
маңызды салалардың бірі

«Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ Бас директоры Тимур Жантикин АЭС-тің Балқаш көліне кері әсері туралы алыпқашпа сөзді жоққа шығарды:

«Біз бұл мәселені қарастырдық: атом электр станциясына қажетті су мөлшері көл бетіндегі табиғи буланудың 0,3%-ымен бірдей. Қазір энергияның жоқтығынан көптеген инвестициялық жобалар орындалмай жатыр. Инвестор бар, ақша бар, бірақ энергия жоқ. Егер базалық генерация қамтамасыз етілсе, елдің инвестициялық тартымдылығы айтарлықтай артады. Бізде қазір климаттық күн тәртібіне байланысты қысылып жатқан негізгі көмір генерациясы бар. Оны ауыстыру керек. Қазақстан үшін бұл табиғи атом энергетикасы, өйткені бізде Атом инфрақұрылымы жақсы дамыған және атом өнеркәсібі әлемдік ауқымда да осындай маңызды салалардың бірі болып табылады», – деді Т.Жантикин.

ҚР Ұлттық ядролық орталығының бас директоры Эрлан Батырбеков 1979 жылы Три-Майл-Айленд АЭС-ында болған апат, сондай-ақ атом энергетикасы тарихындағы ең ірі апат – 1986 жылы Чернобыль АЭС-ындағы жарылыс бүкіл саланы түбегейлі қайта қарауға мәжбүр еткенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл оқиғалардан кейін



қауіпсіздік мәселелері бірінші орынға қойылып, бұл қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған атом электр станцияларын жаңғыртуға және реактор қондырғыларының жобаларына елеулі өзгертуге әсер етті.

«Осылайша қауіпсіздіктің жаңа философиясы және жалпы техникалық-экономикалық көрсеткіштері жақсартылған реакторлардың үшінші буыны пайда болды. Бірқатар апаттардан кейін ғалымдар атом электр станциясының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге назар аударды. Осылайша үшінші буын реакторлары пайда болды, оларда өткен қателіктер ескеріліп отыр», – деп атап өтті Эрлан Батырбеков.

«Екі мыңға жуық маман
даярлауға әзірміз»

ЯФИ басшысы Саябек Сахиев, Қазақстанда салынуы мүмкін атом реакторына ұқсас реактор Ядролық физика институтының базасында көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқанын айтты: «Бір кездері институттың жанында үш мың адам өмір сүрген, бүгінде – 15 мың адам. Біз 50 тұрғынға арнайы сенсорлар таратып, апта сайын нәтижелерін алып отырдық. Ешқандай ма-

ңызды өзгерістер тіркелген жоқ. Бізде МАГАТЭ мен АҚШ Энергетика министрлігінің қолдауымен құрылған үш оқу орталығы бар. Егер жоба мақұлданса, біз атом электр станциясында жұмыс істеу үшін екі мыңға жуық маман даярлауға әзірміз».

«Сұрақ-жауап» сессиясы барысында Үлкен ауылының әкімі болып 21 жыл жұмыс істеген Болатай Рахимов МАГАТЭ комиссиясы 28 жыл бұрын дәл осы аумақта атом электр станциясын салудың орындылығын атап өткенін еске салды.

«1996 жылы мамырда бізге МАГАТЭ комиссиясы келді. Халықпен кездесу барысында мен делегация басшысынан Балқаш көлінің жанында атом электр станциясын салу қаншалықты қауіпсіз екендігі туралы сұрадым. Ол маған бұл жер базальттан тұрады деп жауап берді. Атом энергетикасын көрші Өзбекстан да дамытуға ниетті», – деп атап өтті.

«Көмірқышқыл газы
шығарындысын азайтады»

«Жанашыр» халықаралық қоғамдық қорының президенті Жаңыл Апетова атом электр станциясының құрылысын қолдады. Ол шетелдік ақпаратты зерттей отырып, әлемнің 32 елінде 400-ден астам АЭС-тің табысты жұмысын байқағанын атап өтті.

«Мен де бір кездері қарсы болдым, өйткені біздің халқымыздың түсінігінде тек Чернобыль және осы апаттың салдары қалған. Сондықтан халық басқа аспектілерді көрмейді, мысалы, қазіргі атом электр станциялары зиян келтірмейді, керісінше, экологияға үлкен зиян келтіретін көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтады. Егер біз дамыған елдердің қатарына кіргіміз келсе және өз еліміз үшін жау болғымыз келмесе, біз сауаттылығымызды арттырып, атом электр станциясының құрылысын қолдауымыз керек», – деді Ж.Апетова.

«Экологиялық таза энергия
құрудың алғашқы қадамы»

Еңбек сіңірген энергетик Бакытжан Жақсалиев Қазақстанның қолданыстағы энергетикалық кешендері мемлекетті электр энергиямен толық қамтамасыз ете алмайтынын атап өтті. Оның айтуынша, электр энергиясының тұрақты өндірісі ғана қазіргі қажеттіліктерді қанағаттандыра алады.

«Қазақстанда атом электр станциясының жобасын іске асыру тұтынушылар үшін электр энергиясының құнын төмендетуге әкелетін экологиялық таза энергия құрудың алғашқы қадамы ғана болады. Атом электр станциясын салу туралы шешімді тек құзыретті және өкілетті органдар қабылдауы керек, өйткені ол Қазақстанның болашағы үшін қажетті жоғары технологиялық шешімдерді талап етеді, – деді спикер.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ШИБУТОВ,
саясаттанушы:Энергиялық дағдарыстың
алдын алу керек

Мен 2007-2008 жылдары Ақтауда WB300 реакторларымен Маңғыстау облысында АЭС жобасын алғашқылардың бірі болып ұсынғанмын. Сондықтан бұл тақырыппен бұрыннан танысып.

Біз көпшіліктің қысымымен көптеген түрлі шешімдер қабылдадық, алайда қалыпты нәтиженің орнына дағдарыстарға тап болдық. Мысалы, 2018 жылы сол кездегі Бас прокурордың басшылығымен энергетика секторына ауқымды тексеру жүргізіліп, «Тариф инвестиция орнына» бағдарламасы бұзылды. Бұл 2022 және 2023 жылдары Қазақстанды энергетикалық дағдарысқа алып келді. 2018 жылы атом электр станциясына қарсы шыққандар тарифтерді төмендеткендерін айтты, бірақ нәтижесінде Риддер мен Екібастұз жабылды. Мұндай популистік шешімдер үлкен проблемаларға әкеледі. Атом электр станциясын салу туралы шешімді неғұрлым ұзақ кешіктірсек, соғұрлым бұл біздің болашағымызға әсер етеді.

Медеу ӘБІШЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ-дың
Теориялық және ядролық физика
кафедрасының меңгерушісі:

Шешім әрдайым
халықта

Бұл талқылаулардың маңызы өте жоғары. Өйткені, түсіндіру жұмыстары «АЭС не үшін салынып жатыр, ол кімге керек, мемлекетімізге, қоғамға оның жалпы пайдасы қандай?» деген мәселелерге жауап береді, халықты толғандырған сауалдарға мамандар нақты, тиянақты жауап береді.

Жалпы, енді барлығы референдумға байланысты болып тұр ғой. Ең бірінші орында – халықтың шешімі. Біздің университет АЭС бойынша мамандар дайындай алады. Жақында ядролық инженерия деген мамандық ашылды. Студенттер қабылдап, төрт жыл оқиды. Соның екі жылында ядролық физика институтында болады. Онда зерттеу реакторы бар. Сол жерде тәжірибеден өтеді, маманданады. Жалпы, Қазақстанда Кеңес одағы кезінен бері бірнеше реактор бар. Оларды модернизациялау қолға алынады. Сол жерде қызмет еткен мамандардың барлығы соған дайын болады. Егер АЭС-ті салатын болсақ, салудың өзі 8-10 жыл уақыт алады. Сондықтан шешім қабылданғаннан кейін қосымша АЭС мамандарын дайындау қажет болады. Оларды нақты бағыттар бойынша дайындаймыз. 8 жыл – білікті маман даярлауға жеткілікті уақыт деп есептеймін.

Айнұр БЕГІМБАЕВА,
Энергетика және жасыл
технологиялар институтының
директоры:

Климаттың өзгеруіне
қарсы күрес

Мен өз сөзімді, әлемнің климаттанушыларының климаттың өзгеруіне қатысты айтқан пікірлерінен бастағым келеді.

Қазақстанның ғалымдары соңғы 10 жылда орташа жылдық температура 2016 жылмен салыстырғанда, шамамен, 7%-ға артқанын айтуда. Бұл климаттың тым қысқа мерзімде, бір ұрпақтың көз алдында өзгеретінін білдіреді. Біз қазірдің өзінде климаттық күн тәртібінде белгіленген нормалардан асып отырмыз. Тұрақты даму мақсаттарының бірі болып табылатын осы өзгерістермен тиімді күресу үшін атом электр станцияларын салу қажет. Атом генерациясы төмен көміртекті энергия көзі екендігі қазірдің өзінде дәлелденген. Атом энергетикасын дамыту бізге тұрақты дамудың бірнеше мақсаттарына жетуге көмектеседі. Біріншіден, бұл таза энергияға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл – климаттың өзгеруіне қарсы күрес.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

2023 жылғы 1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси аспект болғанын атап өтті. Осыған байланысты ол жалпыұлттық референдум өткізу арқылы атом электр станциясын салу мәселесін шешуді ұсынды. Ал 2024 жылдың маусым айының соңында Президент атом электр станциясын салу бойынша референдум осы жылдың күзінде өтетінін мәлімдеді. Нақты күнді Қазақстан Үкіметі айқындайды.



ПЕДАГОГИКА

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев IT (Information Technology) саласындағы өзгерістер адамзаттың өмірін өзгертіп жатқандығын тілге тиек ете келе, ендігі жерде еліміздегі білім беру сапасы әлемдік жаңалықтар мен жаһандық білім берудегі өзгерістерге, цифрлық технологиялардың даму қарқынына сай болуы керектігі туралы үнемі айтып келеді. Сондықтан еліміздің білім үдерісінде ең алдымен, цифрландыруға басымдық берілетін болады. Қазірдің өзінде Алматы қаласы еліміздегі білім беруді дамытудың басты әлемдік трендіне айналып отыр.

Сонымен, қашаннан жаңалықтың бастаушысы болып табылатын Алматы қаласы ғасырдың осынау жаңалықтарын да еңсеріп, меңгеріп алды. Біз ХХІ ғасырды руханияттың, мәдениеттің, ақпараттың шексіз дамуына жол ашатын ғажапқа толы ғасыр десек, осынау жаңалықтың алғашқы баспалдағы мектеп табалдырығынан басталмақшы. Бұған білім беру мектептерінде кеңінен қолданылып келе жатқан «Электронды күнделік», «Ұлттық білім беру дерекқоры (ҰБДБ)», «Ашық бухгалтерия», интерактивті контенті бар электрондық тақталар, компьютерлер, ноутбуктер мен планшеттер, тіптен сабақ жоспарлары «Ақпараттық технологиялар» базасында интерактивтілікті қамтиды.

Алғашқы сөз кезегін алған Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев барша саммит жұмысына қатысып отырған шетелдік қонақтарды, ҚР Парламенті депутаттары мен білім жүйесі қызметкерлерін алдағы жаңа оқу жылымен құттықтады.

— Бүгінгі таңда қаламыздағы барлық білім ошақтарында жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділік пайда болды. Алматы қаласындағы барлық 215 мектеп жылдамдығы 100 мбит/с-қа дейінгі интернетпен 100% қамтылды. Ендігі жерде білім беру саласын цифрландыру үдерісінде білім мекемелерінің қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығы мен құзыреттіліктерін арттыруға барынша күш салып, әлі де дамыта түсуіміз керек. Осы орайда, ерекше атап өтетін жайт, Швейцария академиясымен жасалған меморандум шеңберінде қаламыздың мектеп директорлары тағылымдамадан өтіп келді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда 650-ге жуық педагог жасанды интеллект бағдарламасы бойынша онлайн-оқытудан өтті. Қала мектептерінде 52-IT-сынып жұмыс істейді. Біз өз тарапымыздан әлі де бағдарламалау дағдыларын дамытатын Digital-технологияларды оқытуда қолданатын осындай сыныптар санын арттыруды көздеп отырмыз. Жасанды интеллектінің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жүйелі енуін басты назарға алып отырмыз. Жалпы, шаһарымызда «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын» және «2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру жөніндегі» Жол картасына сәйкес бес мемлекеттік мектепте әлемдік деңгейдегі стандарттарға сәйкес халықаралық оқыту — IB бағдарламаларын

енгізу туралы шешім қабылданған еді. Осы ретте Аккредиттеу және халықаралық бакалавриат мектебі мәртебесін алу перспективасымен орта буын бағдарламасын (МҮР) енгізу үшін бес пилоттық мектеп, мәселен (№4, №27, №105, №159, №201) іріктелді. Бұдан өзге, қала мектептерінде үш тілде оқыту бағдарламасын одан әрі іске асыру жоспарланып отыр. Ол мектептер 2023 жылы — 5 мектеп, 2024 жылы — 15 мектеп, 2025 жылы — 25 мектеп болып кете береді. Үш тілде оқыту оқушыларға физика, химия, биология, информатика, математика, география пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қамтыса, әлемнің үздік университеттеріне түсу кезінде түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да мүмкіндік береді. Дәл қазір пән мұғалімдері ағылшын тілінде оқыту бойынша біліктілікті арттырудан өтіп жатыр.

2021 жылдан бастап Алматы қаласы білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытуға бағытталған «Алматы мектебі» қалалық бағдарламасын іске асыру қолға алынған еді. «Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» деген

шылдық. Бұл құндылықтар білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының негізіне айналуға тиіс.

Бағдарлама білім беру процесімен байланысты болғандықтан сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырыла береді. Жалпы, бағдарлама бағытында ұлы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген пікірлері көрініс береді. Осы бағыттағы жұмыстар озық ойлы шәкірттер, заманның қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосатын тұлғалар дайындауда таптырмас құралға айналып отыр.

Тағы бір жаңалық, Мемлекет басшысының тапсырмасы мен қала әкімінің бастамасы бойынша жаңа оқу жылына «КӨМЕК» білім беру ұйымдарының төтенше жағдайларға дайындығын оқыту бойынша бағдарлама әзірленді. Оқыту бағдарламасы 5 модульді қамтиды: жер сілкінісі кезіндегі, өрт кезіндегі, көшкін мен сел қаупі кезіндегі, су тасқыны кезіндегі іс-әрекеттер және жеке қауіпсіздікті сақтау жөніндегі іс-қимылдар. Балалардың өмірі мен денсаулығын

ТАМЫЗ

«Digital Kazakhstan: жаңа



даналық пікірді ұстана отырып, бағдарлама аясында 100 мектептің басқару командаларының білімін жетілдіруіне жағдай жасалды. Бір ғана мысал, 2023 жылдан бастап «Шетелдік білім беру тағылымдамасы» жобасы іске асырыла бастап, білім беру ұйымдарының басшылары Эстония, Финляндия, Сингапур, Ұлыбритания, Швейцария, Жапонияның үздік білім беру тәжірибелерін зерттеді. Тағылымдама нәтижесінде мектептерімізді білім берудегі әлемдік трендтер деңгейіне көтеру үшін шетелдік тәжірибені қолдана отырып, 117 жоба әзірленді, оның ішінде 162 автор авторлығын растайтын сертификаттар алды. Шетелдік тағылымдамалар қорытындысы бойынша тағы 55 жоба әзірленіп жатыр, — деді шаһар басшысы.

Келесі кезекте шетелдік сарапшылардың озық тәжірибесі сарапқа салынды.

Жаңа оқу жылындағы өзгерістер

Сонымен, биылғы оқу жылы қарсаңында ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған нұсқасын ұсынғалы отыр. Аталмыш бағдарлама 6 құндылықтан тұрады: Тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңа-

қорғау — мемлекеттік саясаттың басым қағидаты болғандықтан, бағдарлама тақырыптарына сай әр сабаққа қысқа мерзімді жоспарлар әзірленді.

Негізгі міндеттер мен қол жеткен жетістіктер

Сонымен, білім беру ұйымдары қашаннан өткен жылды қорытындылап, келер жылғы міндетін айқындайды. Әрине, басты мақсат — әдеттегідей, білім беру сапасын арттыру болып табылады. Кезінде Мағжан Жұмабаев «Білімдінің сөзі — ем» деп ұлт ағартушыларына, ұрпақ тәрбиелейтін ұлт ұстаздарына үлкен сенім білдірсе, келешектің кемелденген тұлғасын дайындайтын педагогтердің біліктілігін арттыру әлі де жалғаса береді. Сонымен қатар, қала мектептерінде балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін қосымша білім беру бағдарламалары белсенді түрде енгізіліп, әрбір баланы қосымша біліммен қамтуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

Алматыдағы 215 мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының 207-сі жаңа модификациялы кабинеттермен жабдықталған. Бұған қоса, биыл тағы да жаңа модификацияланған 168 пәндік кабинет (физика, химия, биология, робототехника) алынып отыр. Бұл ретте оқу кабинеттері оқыту





КЕҢЕСІ

«замандағы цифрлық білім беру»

сапасын арттыруға мүмкіндік туғызып қана қоймай, балалардың оқуға деген қызығушылығын дамытып, жобалық қызметін ұйымдастыруға көмектеседі. Ағымдағы оқу жылында да мектептерді жаңа пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету жоспарланған.

Соңғы PISA зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстан қатысушы елдердің арасында ТОП-50-ге кіріп отырса, Алматы қаласы 1-ші орында тұр.

Әрбір оқушының қауіпсіздігі – басты орында

Қаламыздың басты басымдықтарының бірі – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы ретте қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша, үлкен жоба әзірленіп, іске асқан еді. Қаламыздағы мемлекеттік орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобасы әзірленді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша 100% жұмыс жүргізілді. Осынау жоба аясында Алматы қаласында бүгінгі таңда 194 балабақша мен 215 мектепке кешенді қауіпсіздік жүйесі орнатылып, жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар, қаламыздағы мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мониторинг жүйелерімен, бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен және кешенді өрт қауіпсіздігі жүйелерімен толықтай жарақтандырылды. Қала мектептерінде адамның бет-пішінін танытын 415 турникет орнатылды. Сондай-ақ, барлық бейнебақылау камералары, 215 дабыл түймелері және өрт қауіпсіздігі жүйелері тікелей жедел басқару орталығына (ЖБО) сигнал беру мүмкіндігіне ие.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы

Бүгінгі таңда оқушы орындарының тапшылығы 30 мың орынды құрайды. Орын тапшылығын төмендету мақсатында 2024 жылы жергілікті бюджет есебінен «Саялы» және «Зерделі» ша/а 1100 орынды екі мемлекеттік мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 6 қосымша құрылыс бойынша 2585 орынға жүргізілуде (аяқталу мерзімі 2024-2025 жылдар). Ағымдағы жылы тағы

4 қосымша 1675 орынды құрылысты бастау жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесінің қолдауымен 36,8 мың оқушыға арналған 22 мектеп салу жоспарланған. 2024 жылдың соңына дейін 32,8 мың орынды 20 мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде оқу жылы басталғанға дейін бекітілген кестеге сәйкес, 3600 орынды 3 мектеп (№97, Розыбакиев-Левитан көшесіндегі мектеп, «Нұрлы Дала» ТК ауданында) пайдалануға беріледі.

2025 жылы тағы 4 мың орынды екі мектептің іске қосылуы күтілуде. Ал келесі жылдың 1 қыркүйегіне қарай оқушы орындарының тапшылығы 3-4 мыңға дейін төмендетілетін болады. Мектептің санитарлық нормаларға сәйкес келуі үшін жылдағыдай білім беру мекемелерінде жазда жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ең бастысы, мектептерді жөндеу жұмыстарында инклюзивті білімге қолайлы орта жасаудың жаңа мүмкіндіктері қарастырылуда.

Алматылықтар – үздік олимпиадалық команда

Осынау жылдар ішінде Алматы қаласының олимпиадалық командасы 20 жылдан бері республикалық олимпиада-

лардың қорытындысы бойынша еліміздің «Үздік олимпиадалық командасы» атанып келеді.

Алматы қаласының дарынды оқушылары беделді халықаралық зияткерлік олимпиадаларға белсене қатысып, әлемдік білім беру кеңістігінде елімізді абыроймен танытып отыр. Бұл, әрине, қалада білім беру ұйымдары оқушыларының робототехника және инженерлік бағыттағы дағдыларын дамытуға үлкен көңіл бөліп отырғанының жемісі болса керек. Сондай-ақ, дарынды балалардың қол жеткізген жетістігі түрлі шығармашылық іс-шараларда, фестивальдарда, турнирлерде, конкурстарда айқын көрінуде.

Мәселен, Алматы қаласының 446 оқушысы 33 республикалық олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, оның 239-ы жеңімпаз жүлдегер атанды. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Республикалық олимпиада қорытындысына сәйкес, Алматы құрама командасы 37 жүлделі орынға ие болды. Атап айтқанда, 8 алтын, 9 күміс және 20 қола медаль және «ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ команда – 2024» жүлдесін жеңіп алды. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша Алматы құрама командасы 26 жүлделі орынға ие болды. Атап айтқанда, 5 алтын, 7 күміс және 14 қола медаль иемденді. Алматы қаласының құрамасы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша республикалық олимпиаданың қорытындысына сәйкес, «Ең үздік олимпиадалық команда – 2024» атағын жеңіп алды.


Алматы қаласының оқушылар командасы жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалары конкурсының қорытынды кезеңіне қатысып, 39 жүлделі орынға ие болды, атап айтқанда, 6 алтын, 12 күміс және 21 қола медаль иеленді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан құрамасы математика, физика, география, химия, биология, лингвистика және информатика (IMO, IPHO, igeo, IChO, IBO, ILO, IOI) бойынша, 100-ден астам ел қатысқан әлемнің беделді халықаралық олимпиадаларына қатысты. Алматы қаласының оқушылары физика және математика пәндерінен 2 күміс медаль иегері атанды. Физика бойынша халықаралық олимпиада (IPHO) және халықаралық математикалық олимпиада (IMO) сияқты беделді халықаралық олимпиадаларда күміс медаль жеңіп алу оқушылардың жоғары дайындығы мен талантын көрсетеді. Халықаралық аренада топ жарған шәкірттеріміз Алматы қаласының ғана емес, республикамыздың мақтанышына айналды.

«Әрбір бала – дарын, ұстазы ұқса жанын» демекші, үздік жетістікке қол жеткізген педагогтер еңбегі де ескерусіз қалмады. Оқу-ағарту министрлігінің арнайы өкілі Майра Мелдебекова қала мектептерінде ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан ұстаздарды білім саласындағы ең жоғарғы марапаты – Алтынсарин атындағы медальмен марапаттады.

● КЕРЕК ДЕРЕК

2023-2024 оқу жылында қала мектептерінің 1-сыныбына 31 635 бала қабылданды. Ағымдағы жылы 1-сыныпқа 30 550 бала қабылданады деп күтілуде.





КЕҢЕС

МАҚСАТ – ЗАҢ
ҮСТЕМДІГІН
ОРНАТУ

Наурызбай ауданында орналасқан Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында аудан прокуроры Марат Тойжанның төрағалығымен «Заңдылық пен құқық тәртібінің ахуалы, қылмыспен күресудің және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» атты ведомствоаралық кеңес өтті. Жиынға Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев қатысты.

Досбол
АТАЖАН

– Ведомствоаралық кеңесте аудандағы өзекті мәселелерді талқылады. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта қылмыстың 11%-ға өскені байқалады. 7 айда мыңға жуық қылмыс тіркелді. Бұл көрсеткіш жыл басынан бері жоғарылап келеді. Осыған байланысты жауапты органдармен жиналып, қылмыс деңгейін төмендетуге арналған ұсыныстарды қабылдадық. Зерттеу нәтижесі аудандағы құқық бұзушылықтардың 70%-ы алаяқтық пен ұрлық екенін көрсетеді. Сондықтан осы қылмыстарға байланысты профилактикалық жұмыс жүргізетін боламыз. Сондай-ақ, кәмілет жасқа толмаған балалардың арасында қылмыс деңгейі өсіп келеді. Сол себепті, білім беру мекемелерінің басшыларын жинап, олардың ұсыныстарын тыңдадық. Енді бірге жұмыс істейтін боламыз, – деді Марат Тойжан.



Сонымен қатар, Наурызбай ауданының прокуроры Президент тапсырмасы бойынша ауданда заң үстемдігін орнатуға жұмыс істеліп жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы барлық мемлекеттік органдарға заң үстемдігі орнатуды тапсырды. Яғни қылмыс жасалса, оған міндетті түрде жаза да болуы керек. Өкінішке қарай, Наурызбай ауданында қылмыстың тек 52%-ы ашылады. Қылмыскерлер өздерінің ұсталмайтынын біледі, сол себепті де бізде қылмыс деңгейі өседі. Жергілікті атқарушы органдардан өз мүмкіндіктерін пайдалануды өтіндік. Олар халық арасында алаяқтардан сақтану бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, – деді прокурор.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



(Фото: Мәсірәтқызы: Mesport.ru)

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

ДЕПОЗИТ ЖИНАП
ЖҮРСІЗ БЕ?«Теңге тиыннан
кұралады»

Депозит – ежелгі Грекияда пайда болған деседі. Адамдар өз табысын сенімді ұйымда сақтағысы келген. Соның нәтижесінде банк жүйесі қалыптасқан екен. Міне, содан бері еуропалық стандартқа лайық болу үшін көптеген елдер осы бағытта іс атқарады.

Қаржы институттарының беделін көтеру мақсатында бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Әлемде Араб банктірінің тиімділігі – 3–6% көлемінде несие береді. Еліміздегі екінші деңгейлі банктерде 14-15% арқылы қаржы көлемін ұлғайтуға болады. Бізде көбісі теңгемен немесе доллармен ақша жинайды. Былай қарап тұрсаңыз, қаржы жинау нағыз шеберлікті аңғартса керек-ті.

Орталық Азия халықтарының ішінде дүние-мүлікті өзбек, тәжік халқы көбіне алтын, күміс, зергерлік бұйымдармен жинауға әдеттенген. Көшпенді халық болғандықтан болар, біздің әлеумет төрт түлікке аса ден қойған. Бірақ ашаршылық, репрессия жылдары бір ауылды түгел асыраған бай-манаптар болған. Атымтай жомарт ауқаттылар қызыл империяның қысымына шыдамай, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Ауғанға дейін жер ауды. Сонда аңыз-әфсана бойынша дорба-дорба алтын-күміс бағалы түйіншектері құмға көмген деседі. Мұның рас-өтірігін ешкім ашып айта алмайды.

Қазаққа «аузын айға білеген» ауқаттылар бар. Дегенмен, орта тап қалыптасу үшін «теңге тиыннан құралады» деген тәмсілді ұмытпаған абзал.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия ЕРБОЛҚЫЗЫ,
қаржы маманы:Қаржылық
сауаттылығы
артты

Қаржы секторында істеп жүргеніме 15 жыл толды. Осы уақыт аралығында қаржылық сауаттылық біршама ілгеріледі. Қаржы, несие саясатын жұрт ұғына бастады. Клиенттер көптеген жаңашылдықты түсініп келеді.

Бұрын қаржылық түсіндіру жұмыстары әр мекемені аралап, «дөңгелек үстел» өткізіп, телеарна, газет-журналға көбірек сұхбат беру арқылы жүзеге асырылатын. Бүгінде интернет көмегімен көп істер атқарылуда.

Қазір клиенттердің көзі ашық. Депозит жинауды үйреніп келеді. Егде жастағы кісілер мен жастар да өз мүмкіндіктерін жібермейді. Бұрын кредит алып 27%-дан астам қайтарым жасайтын. Кемінде 5–7 жыл аралығында берешегін өтейтін. Тіпті, төлей алмай, өсімпұл жүретін. Міне, бұл ертеректегі процесс еді. Қазір де несие алатындар жеткілікті. Көбісі үй мен көлік ресімдейді. Кейбіреуі смартфон алуға құмар. Дегенмен, тектен-текке ешкім ұрынбайды.

Бүгінде азаматтардың 3/1 үлесі депозит жинауды әдетке айналдырған. Дамыған Қытай, АҚШ, Түркия елдерінде депозит жинауды халықтың басым көпшілігі дағды есебінде санайды. Бұл орта таптың қалыптасуына септігін тигізеді.

Бізге де барынша дүние-мүлік алып, қос-қостан көлік мініп, жағдайды жасау керек. «Ақша адамды бұзады» деген қағидат – советтік кезеңнің салқын саясаты. Оған мән бермей, дұрыс жолды таңдасақ деймін. Өйткені, шетелдерде атадан балаға үй-жай қалады. Ал басы істейтін бала-шаға оны ары қарай дамытады. Біз де дамыған елдер сияқты бай-қуатты күн кешейік.

Ақылбек ҚҰСАЙЫНОВ,
депозит салымшы:

Шындасаңыз, үй аласыз

Менің әпкем «Отбасы банк» қызметкері. Маған осыдан 5 жыл бұрын сертификат сыйлады. Өзі ырымдап 5 мың теңге салып берді. Сол депозитті талмай жинадым. Өзім Алматыда энергитика саласында оқыдым. Сонымен қатар, даяшы, телефон сатушы болып істедім. Шәкіртақым жолпұл мен пәтер ақыма жетіп тұрды. Ал ас-ауқатты көбіне-көп жұмыс орнымнан ішіп жүрдім. Соның арқасында осы жылы Астанада 1 бөлмелі (15 миллион теңгеге) пәтер алдым. Яғни 50%-ын құйдым. Ақыры үйлі болдым.

Көптеген адамдар маған сұрақ қояды. Яки, қалай, қайтіп алдың деп. Айтар жауабым біреу. Ай сайын қолымда 100–150 мың теңге болса, депозитке жинақтайтынмын. Тіпті, одан да көбірек салған шақтар болды. Негізі, мұның бір аса құпиясы жоқ. Жасым жиырма төртте. Ата-анамның үйі болса да, пәтер артықтық етпейді деп мақсатыма қол жеткіздім. Елорданы жанымға жақын тұттым. Әрбір салымшы баспаналы болғай!

Зейнеш ӨТЕПҚЫЗЫ,
зейнеткер:Нәтижеге жету үшін
еңбектенген абзал

Біздер КСРО кезінде өмір сүрдік. Математикадан мұғалім болдым. 40 жыл мектепте сабақ бердім. Жолдасым жүк көлігін жүргізді. Айына 600–700 сом айлық табыс болды. Кейін балаларымыз ер жетті. Ұл-қыз өсті. Бөлек шықтық. Үй салдық. Соның арқасында табысымызды орталық банкке жинадық. Айына 300–400 сомнан салдық. Төрт баламның төртеуіне де есеп-шот аштырғанбыз. Кеңес өкіметі құлағанда бәрі құрдымға кетті. Теңге түгілі, тиын алмадық. Күйіп кеткен екен. Сонда партия қызметінде істеп жүргендер нарыққа бейім

болды. Советтер одағы тарқамай тұрып жиған ақшасына дүние-мүлік алыпты. Бүгінде олардың жағдайы жақсы.

Бізге үнемі ақшаға, үй-жайға қызықпауды үйретті. Болашаққа аса бас қатырмаппыз. Ең бастысы, баспана бар, айлық алсақ соған мәз болыппыз. Бірақ артық дүние қумаппыз. Дейтұрғанмен, ешкімнен кем өмір сүрмедік. Өстік, өндік. Жағдай жасадық. Ел қатарлы күн кештік. Осы күні жастарға қарап кейде аяп кетем. Біз де жас кезімізде қаржы жинауды соншалықты ойламаппыз. Тағдыр капиталистік қоғамға итермелейтінін білмегенбіз. Жастарға айтарым, алдыңғы буын жасаған қателікті қайталамаса екен. Адамның күш-қуаты бар кезінде нәтижелі еңбектенсе, қартайғанда зейнетін көрері анық.

Теледидардан үндінің, түріктің сериалын қараймын. Сонда үйге, көлікке таласып жатады. Баяғыда ондай ұғым болмайтын. Бұл үрдіс елімізге де келе бастады. Сол себепті әр баланы жеке отау еткен дұрыс. Мен де зейнетақыман бала-шағама қарасып отырамын. Басты ойым – ұрпағым қиыншылық көрмесе деймін. Жас кезінде тірлік қылу керек екен.

ТҮЙІН:

Біздің заман – нарықтық кезең. Мейлінше еңбектеніп, өсіп-өну қажет. АҚШ, Еуропа елдері осыдан 200–300 жыл бұрын көшкен капитализмге біз енді жеттік. Салыстырып қарасаңыз, көп уақыт емес. Сондықтан әр тиынымызды жинап, өзіміз армандағандай ғұмыр кешейік.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЭПИДҚАДАҒАЛАУ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі:

КВИ БОЙЫНША ЖАҒДАЙ
БАҚЫЛАУДА2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тұмауға
қарсы вакцинация жүргізіледі

Коронавирус инфекциясына мониторинг жүргізу 2022 жылдан бері ЖРВИ және тұмау бойынша қолданыстағы эпидқадағалау жүйесіне енгізілген. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



• 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тұмауға қарсы вакцинация жүргізу;
• Медициналық ұйымдарда: кіреберісті «сүзгі» жұмысымен қамтамасыз ету, бетперде тағу, антисептиктердің болуы;
• ЖРВИ, тұмау байқалған бір жасқа дейінгі сәбилер мен жүкті әйелдердің үйге шақыртуына бірінші кезекте қызмет көрсету қарастырылған.

Тұмау, ЖРВИ, КВИ ауруларының алдын алу үшін келесідей профилактикалық шаралар жүргізу ұсынылады: ғимараттың ішін жиі-жиі желдетіп отыру, қолды таза ұстау үшін антисептикалық құралдарды пайдалану, науқас адамдармен байланысты шектеу, ауырып тұрған адамдармен байланысқан жағдайда бетперде тағу, медициналық көмекке дер кезінде жүгіну.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ДСМ Баспасөз орталығы).

МАМАН ПІКІРІ

ГЕМОДИАЛИЗГЕ
ТӘУЕЛДІБүйрек алмастырушы терапия алатын
науқастардың санын қалай азайтамыз?

Былтырғы есепке сүйенсек, елімізде диализ орталықтары 130-дан асады және бүйрек алмастырушы терапия алатын науқастардың саны кейінгі үш жылда 22,5%-ға өскен (2021 жылы – 11320, 2022 жылы – 12546, 2023 жылы – 13869). Алматы қаласының өзінде диализ орталығы 19-ға жетіп жығылады.

Жедел және созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан науқастардың санының өсу себебі, ауру ерте сатысында анықталмайды. Созылмалы бүйрек ауруының 70%-ынан астамы терминалды сатысында анықталып, шұғыл бүйрек алмастырушы терапияны (гемодиализ) бастауға тура келеді.

Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ-дағы №2 терапия бөлімшесінің нефролог-дәрігері Сәрсенбай Қармақбаев жедел және созылмалы бүйрек ауруын алдын ала анықтаудың бірнеше тәсілін ұсынады. Олар:

– алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында жалпы тәжірибелік дәрігерлерді нефропротекция және креатинин деңгейі белгілі бір қалыпта емес, әр адамда (жасы, жынысы) жеке есеп-телетіндігі туралы арнайы оқыту;

– емхана деңгейінде скрининг арқылы артериалдық гипертензия, қант диабеті, жүрек қан-тамыр аурулары және отбасында созылмалы бүйрек ауруы бар науқастарда бүйрек зақымдануын ерте анықтау; – зертханада креатинин деңгейін шумақшаның сүзілу жылдамдығымен бірге есептеп беру;

– мақсатты артериалдық қан қысымы-

ның 120/80 мм сын. бағ-нан аспауын қадағалау,

– бүйрек биопсиясын алуды қайта қолға алу;

– генетикалық тексерулерді жүргізу.

Бүйрек ауруларының жаһандық нәтижелерін жақсарту бастамасы (KDIGO) келісу конференциясының клиникалық практикалық ұсыныстарын ескере отырып, Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ профессорлары мен нефролог дәрігерлері алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде созылмалы бүйрек ауруын ерте анықтаудың арнайы алгоритмін әзірлеп, ұсынды. Алгоритм бойынша артериалдық гипертензия, қант диабеті, жүрек қан-тамыр аурулары, отбасылық ауру тарихында созылмалы бүйрек ауруымен ауыратын науқастардың қандағы креатинин деңгейін және зәрдегі альбумин/креатинин арақатынасын анықтау арқылы бүйректің қызметін және зақымдануын бағалау қажет.

Егер зәрдегі альбумин/креатинин арақатынасы >30 мг/г жоғары, шумақшаның сүзілу жылдамдығы 60 мл/мин/1,73м² төмен болса, зертханалық талдауды үш айдан кейін қайталау керек. Егер үш айдан кейін шумақшаның сүзілу жылдамдығы әлі төмен болса, зәрдегі альбумин/креатинин арақатынасының жоғары деңгейі сақталса, онда созылмалы бүйрек ауруы диагнозы қойылып, нефролог-дәрігерге жіберіледі. Егер зәрдегі альбумин/креатинин арақатынасы 30 мг/г-ға дейін, шумақшаның сүзілу жылдамдығы 60 мл/мин/1,73м² жоғары болса, талдауды жылына кемінде бір рет қайталап отыру керек.

«Жалпы, емхана деңгейінде жедел және созылмалы бүйрек ауруы туралы арнайы дәріс жүргізу және жоғарыдағы ұсыныстарды іске асыру арқылы бүйрек алмастырушы терапия алатын науқастардың санын азайтуға болады», – дейді дәрігер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ
МАҢЫЗДЫКүннің ыстығында тамақтан
уланғандар көбейген

Ыстықтың беті қайтпай тұрғандықтан жүрек қан тамырлары аурулары асқынып, ішек инфекциясының өршуі жиі байқалады. Ресми мәліметтерге сүйенсек, жыл басынан бері жедел ішек инфекциясына шалдыққан 108 сырқат анықталған. Оның ішінде 73-і 14 жасқа дейінгі бала екен. 85 адам түрлі азық-түлік арқылы жұқтырған болса, 23 адам науқаспен қарым-қатынаста болған.

Ұлттық госпитальдің инфекционист-дәрігері Жұлдыз Серікқызы ішек ауруларының таралуы үш фактордан тұратынын айтады. Маман-дәрігер ең алдымен тұтынатын тамақ, ішетін су және қолды дұрыс жумай дейді.

«Тазалыққа мән беріп, қолды күніне бірнеше мәрте сабындап жуған дұрыс. Даладағы жедел тамақтану орындарынан

тамақ ішкенде өте сақ болу керек. Дүкеннен алынатын азық-түлікке өте абай болып, тұтыну мерзімін тексерген жөн. Сүт, шұжық, консерві өнімдерін сақтықпен қолданған дұрыс. Жеміс-жидек пен көкөністерді пайдаланар алдында қайнатылған сумен, ас содасын қосып тазалап жуу керек. Балаларды қол жууға дағдыландырып, қалай жуу керектігін түсіндірген абзал», – дейді Ұлттық госпитальдің инфекционист-дәрігері Жұлдыз Серікқызы.

Сондай-ақ, дәрігер жаз маусымында қонаққа барғанда мойнез қосылған салаттар мен тіске басарларды жеуден бас тартуды ұсынады. Алдын-ала дайындалған тағамдарда улану жиі болатынын ескертеді.

Ал жүрек-қан тамырлары аурулары күннің ыстығында бірден өсіп, жедел жәрдемге шақырулар жиі түседі. Мұндай сырқаты бар адамдар мүмкіндігінше ыстақта далаға шықпаған жөн дейді дәрігерлер.

Ұлттық госпиталь дәрігері Әсемгүл Саятқызы тәжірибелі дәрігер ретінде науқас адамдарға ең алдымен сабыр сақтауға кеңес береді. Қан қысымы көтерілген немесе жүрек сыр берген жағдайда учаскелік дәрігер белгілеген дәрілерді пайдаланып, сосын жедел жәрдемге жүгінуді ұсынады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсемгүл САЯТҚЫЗЫ,
Ұлттық госпиталь дәрігері:АПТАПТА СУЫҚ ТИГЕН
ДЕ ҚАУІПТІ

Егер далаға шығу керек болған жағдайда бас киім киіп, күннен барынша қорғану керек. Күніне екі литрге дейін су ішкен жөн. Салқын душ қабылдап, жеңіл тамақтану қажет. Асқазанға, жалпы ағзаға күш түсіретін ауыр тағамдардан бас тартқан дұрыс. Мұндайда көкөністер мен жемістердің пайдасы зор. Үнемі жоғары қан қысымымен жүретін науқастар бізде қауіп-қатер аймағындағы адамдар болып саналады, сондықтан оларды жеңіл бақылауда ұстаймыз. Салқын су ішіп, болмаса кондиционерді жеңіл қолданып суық тиіп жатқандар да бар. Аптап ыстықта суық тию өте қауіпті. Түрлі сусындар мен балмұздақты да өз орнымен, абайлап тұтынған абзал. Ең бастысы – денсаулықты сақтау әр адамның өзіне байланысты. Дәрігердің нұсқауын бұлжытпай орындаған кезде ғана жаздың аптап ыстық күндерін жеңіл өткізуге болады.

ШҰҒЫЛ ШЕШІМ

БАЛАЛАР ДІН АМАН

Алматыда орналасқан «Ақсай» университеттік клиникасында бүйрегі қатты зақымданған балалар құтқарылды. Оқиғаны нақтылай түссек. Орталықтың нефрология және экстракорпоралдық детоксикация бөлімшесіне шұғыл түрде екі науқас келіп түсті.



Біріншісі – 17 жастағы жасөспірімнің бүйрегі қатты зақымданған, нефротикалық синдромы бар және анализдік көрсеткіштері асқынған. Пациентке барлық қажетті көмек көрсетілді. Мамандар баланың жағдайын тұрақтандырып, жақында оны реанимациядан

қалыпты палатаға ауыстырды. Ал үш жасар екінші бала нефротикалық, айқын білінетін ісік синдромымен, олигоуриямен тіркелді. Ол тез арада санитарлық авиация арқылы Талдықорған қаласынан жеткізілген.

Екі баланың да жағдайы ауыр болатын. С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Ақсай» орталығында олар реанимацияға жатқызылып, оларға қажетті көмек көрсетілді, қазір олар тұрақтанған болжаммен бөлімшеге ауыстырылды. Статистикаға сүйенсек, қазіргі уақытта 9 миллионнан астам қазақстандық созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан, бұл ел халқының шамамен 10–12%-ы. Белгілі нефролог, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың нефрология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Абай Шепетов осындай мәліметтер келтіріп отыр. Маманның айтуынша, бүгінде диалезде еліміздің 8 мың тұрғыны бар, ал әрбір он жыл сайын бұл көрсеткіш екі есе артады.

Бүйректің созылмалы ауруының (БСА) таралуын гипертензиялық ауру, қант диабеті, семіздік және метаболикалық синдром сияқты әлеуметтік мәні бар аурулармен салыстыруға болады. Кейінгі уақытта ол созылмалы инфекциялық емес аурулардың ішіндегі адамды өлімге дейін апаратын бес аурудың бірі деп есептеледі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА

(Сурет: ашық дереккөзден).



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Алматы академиясында
полицейлерді
дайындаудағы заманауи
әдіс-тәсілдер қандай?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі ҚР Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына баспасөз турыын ұйымдастырды. Журналистер құқық қорғау органдарының болашақ қызметкерлерін даярлау барысымен танысуға, сондай-ақ өздерінің де ату дағдысын сынауға мүмкіндік алды.

60 жылдан астам тарихы бар академия құқық қорғау саласындағы заманауи білім беру бағдарламаларын, ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибелерді сәтті біріктіріп, іске асырып келеді. Мұнда криминалдық полиция бөлімшелерінің болашақ қызметкерлері, IT-криминалистер мен бағдарламалық жасақтама инженерлері дайындалуда.

«Жылдан-жылға полиция қызметіне деген қызығушылық пен полицияға деген сенім деңгейі артып келеді. Жастар полиция қызметінің оларға ашық екенін көріп, түсініп жүр және оның түрлі қызмет бағыттарымен танысуда. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін мемлекеттің әлеуметтік қолдауы үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, біз академияда жүзеге асырылатын әртүрлі білім беру бағдарламаларының жиынтығы да кеңейуде. Біз IT және технологиялармен, киберқылмысқа қарсы іс-қимылмен байланысты жаңа мамандықтарды енгізуге тырысамыз, сонымен қатар қос дипломды оқыту бағдарламаларын іске асырамыз. Биыл оқуға түсуге арналған байқау үлкен болды. Қатысуға өтінімдер 800-ден астам адамнан келіп түсті. Байқауға 500-ден аса адам қатысса, солардың 270-і іріктеуден өтті», – дейді академия бастығы міндетін атқарушы, заң ғылымының докторы, полиция полковнигі Жанат Ділбарханова.

Баспасөз туры барысында журналистер саптық дайындық бойынша сабақтарды бақылап, курсанттардың дене шынықтыру және психологиялық даярлық үдерісімен танысты.

«Бізге бастапқы даярлық курстары жоспарлы негізде жылына төрт рет, айына екі реттен өткізіледі. Әрбір курс сайын бізге 300 адам келеді. Осы курстарды сәтті аяқтағаннан кейін тыңдаушылар сертификат алады. Осыдан кейін ғана олар лауазымдарға толық тағайындалуға құқылы. Бастапқы дайындық, ең алдымен, кәсіби, құқықтық, психологиялық және дене шынықтырумен байланысты мәселелерді қамтиды. Біз оларға нақты лауазымдарда кейіннен табысты жұмыс істеу үшін қажетті негіздерді береміз», – дейді академия бастығының орынбасары Ержан Бимолданов.

Курсанттар түрлі спорттық және мәдени іс-шараларға, соның ішінде футбол, шахмат жарыстарына, жаяу өрмелеуге және қазақтың ұлттық ойындарына белсенді қатысады. Курсанттар мен академия қызметкерлері арасында әртүрлі спорт түрлерінен әлем және Азия чемпиондары бар.

Журналистер сонымен қатар, академияның детективтік клубына барды. Онда детективтік шығармалар талқылап, сараптамалық дағдыны дамытады. Баспасөз турының соңында қатысушылар академия полигонында атыс жаттығуларын жасады.

БӘСІ БИІК БӘСЕКЕ

Алматыда жасөспірімдер арасында өрт сөндіру – құтқару спортынан әлем чемпионаты өтті

(Басы 1-бетте)

Жабылу рәсіміне ҚР Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстандық өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың спорттық федерациясының президенті, генерал-майор Шыңғыс Әрінов, Халықаралық өрт сөндірушілер мен құтқарушылар спорт федерациясы Атқару комитетінің директоры Андрей Калинин қатысты. Құрметті қонақтар жеңімпаздарға кубоктар, медальдар, дипломдар мен сыйлықтарды табыс етті.

Спортшылар мен жұртшылық алдында сөйлеген сөзінде ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Алматы қаласының әкімдігіне, ұйымдастыру штабының мүшелері мен төрешілер корпусына чемпионаттың жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны мен әділ төрешілік қағидаты үшін алғысын білдірді. Бауырластық рухында өткізілген жарыстар елдеріміздің авариялық-құтқару қызметтері арасындағы ынтымақтастық пен достық байланысты одан әрі нығайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Әсем Алатау баурайындағы Алматыда өткен әлемдік бұл сында жеңілген команда болған жоқ, тек жеңіске деген жігерін жанып, намысын қайраған командалар болды дер едім. Намысты өреннен ертеңгі майталман маманды көрдік, командалық рухты аңғардық», – деп министр Ш.Әрінов өрендер арасындағы әлемдік сайысқа өз бағасын берді.

Әлемдік жарыс аса тартысты өтті. Төрт кезең бойы төрешілікті халықаралық санаттағы судьялар құрамындағы төрешілер алқасы жүзеге асырды. Қатысушылар спорттық сайыстың төрт түрінен, атап айтқанда: 100 метрлік өрт эстафетасында, биіктігі 12 метрлік жаттығу мұнарасына шабуыл сатысымен көтерілу, кедергілі жүз метрлік жолақты еңсеру мен жауынгерлік қанат жаю түрінен бақ сынасты.

Ұлдар арасындағы жалпыкомандалық әлемдік есепте чемпионат қорытындысында бірінші орынды Ресей спортшылар құрамасы жеңіп алса, екінші және үшінші орындарды Беларусь командасы мен Қазақстан спортшылары өзара бөлісті. Жалпы командалық есепте жасөспірім қыздар арасында құрмет тұғы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аружан ЕСЕНЕЙҚЫЗЫ,
республикалық команда мүшесі:

Біздің әлі үйренеріміз көп

Оқуға келгенге дейін мұндай спорттың түрі барын білмеппін. Кураторым осы спорт түріне әкелді. Басында қиындықтар туындаған, кейін сіңісе келе, бойым үйреніп, машықтандым. Бұл спорт түрі ұнай бастады. Бұған мектепте жеңіл атлетикамен тұрақты айналысқанымның пайдасы тиді.

Командада тоғыз қызбыз. Мен өзім қызылордалықпын. Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы жоғары колледждің III курс студентімін, төтенше жағдайлар мамандығында білім алып жатырмын.

Командаласымның екеуі – алматылық, екеуі астаналық, маңғыстаулық, түркістандық қыздар бар. Барлығымыз намысты қолдан бермей, бар күш-жігерімізді салдық. Әлі де болса, үйренеріміз көптігіне көз жетті.

рын Ресей Федерациясының өкілдері, екінші орынды – Беларусь Республикасы еңшілесе, үшінші орынды қазақстандықтар иеленді.

Орталық стадионда «АБИРОУ» тобы «Рух» музыкалық композиция-

сымен өнер көрсетіп, жанкүйерлерді жігерлендірді. «Has Sak» этно-фольклорлық тобының әртістері, «Инь-Ян» би ұжымы. Іс-шара салтанатты отшашумен аяқталды.

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ

SENAT OPEN ШАХМАТ ТУРНИРІ

Алматыда өткен жарыста «Шығыс» өңіріндегі 100-ден астам әуесқой шахматшы бақ сынады



Шахматтан Парламент Сенатының ашық кубогы – Senat Open жарысының бесінші соңғы жартылай финалдық ойында-ры Алматыда өтті.

Сенаттың қолдауымен, Қазақстан шахмат федерациясының ұйымдастыруымен алғаш рет өткізіліп отырған сайысқа облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттары, облыстық және қалалық

қоғамдық кеңестердің мүшелері, сондай-ақ, БАҚ өкілдері қатысуда.

Алматыда өткен соңғы жартылай финалдық бәсекеде «Шығыс» өңіріндегі 100-ден астам әуесқой шахматшы – Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан, Абай, Алматы және Жетісу облыстарында ұйымдастырылған іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары бақ сынады.

Жартылай финал сайысының ашылу рәсіміне Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев пен Қазақстан Шахмат федерациясының өкілдері қатысты.

9 турдан тұрған рапид жарысында «Шығыс» өңірінен Senat Open финалына жолдама алған 25 шахматшының есімдері белгілі болды. Жарыс соңында депутаттар, журналистер, қоғам белсенділері, әйелдер мен 60 жас-тан асқандар арасында үздіктер анықталып, арнайы сертификаттармен марапатталды.

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, финалдық бәсеке тамыздың соңында Астана қаласында өтеді. Шешуші сында 200-ге жуық әуесқой шахматшы өзара мықтыны анықтайды. Олардың қатарында Парламент депутаттары мен республикалық БАҚ журналистері де бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз:senate.parlam.kz)



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 4 айға – 2144,48 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 4 айға – 2944,48 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 4 айға – 1344,48 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуы енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

АЛТЫН СЫРҒА, КҮМІС АЙНА

«Ежелгі және орта ғасырлардағы Алматы: археологиялық мұраны зерттеу және сақтау» арнайы жобасы жүзеге асырылуда

Қазақстандық археологтардың қандай маңызды жаңалықтар ашқаны жайында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында **Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдары** айтып берді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Биыл қазақстандық археологтар тарихи және мәдени құндылығы бар бірқатар маңызды және құнды олжаларды тапты. Олардың ішінде Батыс Қазақстанда табылған V–VI ғасырларға жататын алтын сырғалар мен монеталар. Қостанай облысында қазба жұмыстары кезінде сақ кезеңінің күміс айналары, сондай-ақ Шығыс Қазақстанда табылған және ерте қола дәуіріне жататын ең көне алтын әшекейлер бар.

Сонымен қатар, қыпшақ кезеңінің ескерткіштерін зерттеу кезінде мыс таңбасы бар қасық табылды. Орталық Қазақстандағы сақ кезеңінің бұрынғы қонысы табылып, зерттелді. Бұл жаңалықтардың отандық ғылым үшін де, әлемдік археологиялық қоғам үшін де маңызы зор.

«Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты биыл 70 экспедицияға шығуды жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде 45 экспедиция аяқталды. Қазіргі уақытта институт Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасын іске асыруда. Іске асыру сатысында гранттық қаржыландыру бойынша 3 ірі нысаналы жоба бар.

Біріншісі – «Солтүстік Қазақстан мәдени-тарихи

процестер контекстінде: тас дәуірінен этнографиялық қазіргі заманға дейін» жобасы. Екіншісі – «Қазақстан тарихындағы ғұн-сармат дәуірі: пәнаралық зерттеу, талдау және реконструкция». Сондай-ақ, «Ежелгі және орта ғасырлардағы Алматы: археологиялық мұраны зерттеу және сақтау» арнайы жобасы жүзеге асырылуда», – деді Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Әсемгүл Касенова.

Институттың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Талғат Мамиров қазба жұмыстары аяқталғаннан кейін барлық артефактілер мұқият өңделіп, консервацияланатынын атап өтті. Бұл бірнеше кезеңдерді қамтитын күрделі және көп деңгейлі процестерден өтеді.

«Әрбір табылған археологиялық олжаға біз археологтар кешен ретінде қараймыз. Кез келген, тіпті ең кішкентай олжа да маңызды ақпарат беретін ыдыстың немесе бұйымның фрагменті бола алады. Одан кейін табылған ат немесе бұйым бекітіліп, жіктеледі. Егер зооархеологиялық материал табылса, ол зооархеолог мамандарға жіберіледі. Маман табылған затты мұқият зерттейді, типологияны құрастырады, іріктеу жүргізеді және талдайды. Тас құралдар, алтын, қола, мыс немесе керамикалық бұйымдар табылған жағдайда, олардың барлығы акт бойынша беріледі және институтқа келгеннен кейін технологиялар зертханасына жіберіледі. Қажет болған жағдайда консервациялау және қалпына келтіру жүргізіледі.

Егер жақсы сақталған болса, мамандар оны тексеріп, өлшеулер, суреттер, фотосуреттер жасайды, 3D моделін жасайды. Ескерткіштің немесе табылған затқа қанша жыл болғанын анықтау үшін көптеген материалдар тексеріліп, тиісті шеберханаларға жіберіледі», – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Талғат МАМИРОВ,
Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері:

БІЗГЕ ВОЛОНТЕРЛАР ДА ҚОСЫЛА АЛАДЫ

Табылған заттардың саны бойынша кез келген аймақты бөлек бөлу қиын, өйткені барлық аймақтың өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай өңірлердің бірі – Алматы аумағы. Онда көптеген жылдар бойы қарқынды археологиялық зерттеулер жүргізіліп келеді. Алматы мен Алматы облысының аумағындағы ескерткіштер кешенін анықтау және зерделеу мұнда әртүрлі тарихи дәуірлердегі ескерткіштердің өте көп шоғырланғанын көрсетеді. Бұл аумақта тас дәуірінің өзіндік мәдениетінің бар екендігі туралы көптеген дәлел бар.

Қазір біз әріптестерімізбен кейінгі палеолит дәуіріндегі археологиялық мәдениетті бөліп көрсету үшін жұмыс істеп жатырмыз. Қола дәуірі өзінің ескерткіштерімен танымал. Өйткені, тау бөктеріндегі аймақ сол кезеңдегі ескерткіштерді іздеуде және табуда ерекше. Ерте металл дәуірін зерттеумен айналысатын институт мамандары осы аймақта үй құрылысы, металлургия және басқа да қолөнердің дамуын көрсететін бірқатар ескерткіштерді сәтті оқшаулап, зерттеді. Ежелгі өнер туралы айтатын болсақ, биылдың өзінде Алматы облысында 2000 петроглиф анықталды. Кейінгі жылдары волонтерлардың археологиялық экспедицияларға қатысуы танымал трендке айналды. Кез келген адам белгілі бір іріктеу кезеңдерінен өтіп, археологиялық топтың құрамына кіре алады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Мемлекеттік грант алмаған талапкерлер үшін...

Ғылым және жоғары білім министрлігі мемлекеттік грант алмаған талапкерлерге қосымша гранттар, оқу ақысын жеңілдету және басқа да мүмкіндіктер туралы ақпарат алуға болатын Call-орталықтың нөмірін жариялап отыр.

Call-орталығы арқылы сіз қосымша гранттар, оқу ақысын жеңілдету және басқа да мүмкіндіктер туралы ақпарат ала аласыз. Байланыс нөмірлері:
8 (7172) 69-50-69.
8 (7172) 69-52-92.
8 (7172) 69-50-71.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері Шәңгерей Жәнібекұлы ЖӘНІБЕКОВТИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

КЕЛІНШӘЙ

Шіркін, қазақтың осы бір салты ғажайып қой!

Біздің «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі, жас әріптесіміз Олжас Жолдыбай жақында шаңырақ көтерді. Ел жақта дүркіретіп үлкен той жасады. Бара алмай қалған әріптестеріме деп, келін баланы жұмысқа ертіп келіп, бізге арнайылап шәй берді. Сөйтіп, жаңа түскен келіннің қолынан шәй іштік. Шіркін, қазақтың осы бір «келіншәй» салты сондай ғажайып ғой, ресми кабинеттің өзін әп-сәтте жылылыққа, туыстық пейіл-ықыласқа толтырып жібергені!

дайда айтылса керек. Шаңыраққа бүгін ғана келіп жатқан келін шәй демдеудің, оны кеселерге құюдың жөн-жобасын білмеген жағдайда абысындары көмектеседі. Бұл бір жағынан әлі ешкімді танымайтын келіннің абысын-ажынмен тезірек танысып, бірден жақындасып, бауырласып кетуіне дәнекер болатын дәстүр.

Халқымызда шәй құйған қыз-келіншектер мен кесені алып берген жігіттердің әрбір әрекетіне қарап сол әулеттің, тіпті ауылдың тектілігі сыналған. Әдеп бойынша келін кесені оң қолымен ұсынады, ал сол қол кесе ұстаған оң қолдың шынтақтан төмендеу тұсында тұруға тиіс. Көзімен төрдегілерге тіктеп қарамау да келіннің иман, ибасын білдіреді. Шәй беру рәсімі аяқталар сәтте жас келінге «көп жаса, қарағым, көсеген көгеріп, көрпең ұлғайсын, дастарқаның берекелі болсын, етегіңді бала бассын» дегендей тілектер айтылады.

Біз де Олжас әріптесіміздің келіншегін бауырға тарта сөйлеп, бір-бірімізге жақындай түсіп, ақ тілектерімізді арнап, екі жасқа бақыт тіледік.

Шәй демдегенде де ерекше бап қажет. Аққұманды қайнаған сумен екі-үш қайтара шайып, оған шәй салып, үстіне қайнап тұрған суды құяды да, сәл-пәл қоя тұрады. Сосын отқа қойып бұқтырып алғаннан кейін, аққұманды бүркеп сүлгімен не арнайы жұмсақ шүберекпен тұндырады. Егер шай түбіне толық тұнса, оның әзір болғаны деп біліңіз. Бұқтырылған шайды қыздырмайды, қайнатпайды. Мүмкіндігінше бір демделген шәйді екінші қайтара ішпеген жөн. Шәйді темір шәйнекпен шығарса, ол құсып кетіп, хош иісі мен дәмін жоғалтады. Сондықтан фарфор, керамика шәйнекпен демдеген абзал. Бұл шәйнек жылуды жақсы сақтайды. Шәй қатты қою болып кетпеуі керек. Егер бұқтырмай, қайнатқыңыз келсе, отта өте көп те, аз да ұстауға болмайды.

Шәйді асықпай, баппен, ұрттап ішсеңіз, ас қорыту органы, тамақ, асқазан күйіп қалмайды. Шәй тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі. С дәрумені жетпеген адамға көк шәй ішу қажет. Ал көк шәйді дұрыс тұтына білген адам ерте қартаймайды деседі.

Тамақтан соң да бірден шәй ішпеген жөн екен, жарты сағаттан кейін ішкен дұрыс дейді. Себебі, шәй құрамындағы танин, протеин мен темірдің қатқылдануы тағам сіңімділігін төмендетеді. Тым қою етіп ішсеңіз, оның құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтіп жібереді.

Қалай десек те, біз үшін бір шәугім шәй шаңыраққа жаңа түскен келінді ғана емес, әулеттегі барлық адамды жақындастырады, бір-біріне деген бауырмалдығын арттырады. Көптің басы қосылған жерде жақсы әңгімелердің тиегі ағытылады, сыр айтқызады, ренжісіп жүрген жандар болса түсініседі. Иә, туыстардың бәрінің басын дастархан басында қосады. Бұл жақсы ғой. Дастарханамыз жиылмасын!

БІР ШӘУГІМ ШӘЙ

Римма ТҮНҒАТАРКЕЛІНІ,
тәрбиеші:

МЕН ҰСЫНҒАН КЕСЕ

Мен келін боп түскенде беташар аяқтала сала шәй құюды бастап кеттім. Бұл салт әр өңірде әртүрлі екенін байқап жүрмін. Басында жас келін шәйді құйып отырады да, орта шенінде абысын-келіндері жалғастырып кетеді. Келіннің қолынан шәй ішуге келген кісілер кесесіне ақша салып беріп жатады. Бірақ мен шәйімді аяғына дейін өзім құйдым, кісілер келіп жатыр, келіп жатыр.

Қас қарайғанға дейін адам арылмады шаңырақтан. Бәрінің көңілінен шығуға тырыстым. Арасында үлкен әжелердің ғибратты әңгімелеріне құлағымды түріп қоямын. «Қызылорданың қызысың, күрішті жақсы басатын шығарсың, жас келіннің палауын жеп кетейік» дегесін, арасында жүгіріп жүріп үлкен алюминий кастрюльге палау бастым. Бара сала соншама үлкен, бір тойдың кастрюліне жасаған тамағым қалай шығар екен деп уайымдап едім, бәрі желінгенде, қуанып, мандай терімді сүрткенім бар (күледі).

Содан ата-енеммен тұрған екі жылымның бәрі келіншәй болды ғой. Енем өте көпшіл адам, үйге келетін қонақ та көп. Шүкір, одан жаман болмадым, өзім де көпшілмін. Қонақ күту тәртібіне де үйрендік. Қонақпен бірге үйге ырыс-береке келеді дегенге көзім жетті.

Жанат ҰМБЕТТЕГІ,
мұғалім:

ЕНЕ МЕН КЕЛІН

Келіншәй деген жақсы дәстүр ғой, жас келіннің жан-жағына бағамдап қарауына, түскен ортасымен танысып, жақындасуына дәнекер болады. Мен де шәй құю салтынан өткен. Бірақ жасыратыны жоқ, кеселерді шатастырып ала бердім. Қызық, кейбір кеселердің түбінде өрік жүретін. Баптап ішкені екен ғой әжелердің. Кесем ауысып кетпеді ме екен деп, шәй толы кесесінің түбіне бас бармағым малып жіберіп, ішінен жібіген өрігін іздейтін әжелерді қазір сағынамын.

Шәй дегесін есіме түсіп жатыр. Марқұм енем өте жақсы адам болып еді. Алғаш келін болып түскен кезім ғой. Он жетідемін. Таңертең ұйықтап қала беремін. Тұрсам, аулада самаурын екі иығынан демалып қайнап тұрады. Өзім қайнатпаған соң, ішуге ұяламын да, маманның көзіне түсіп қалмайын деп тез-тез жиналып, жұмысқа шығып кетемін. Бір күні солай шығып бара жатқан жерімнен енем тоқтатты. «Жанат, айналайын, таңертең шәй ішпей кетіп жүрсің, ол болмайды, түске дейін қарнын ашады. Менің әзірге күш-қуатым бар, ұйқым да сергек, бір самаурынды қайнатып қоюға шамам жетеді, сен ұялма, қарғам. Кел, одан да екеуміз отырып шәй ішейік» дегені бар. Талай-талай ұлағатты жақсы әңгімелер сол шәй үстінде тарқатылатын. Шынымды айтсам, енем екеумізді де жақындастыра түскен сол бір шәугім шәй болды.

Мектеп бітіре салып, тұрмысқа шығып кеткен бір қыз тойдың ертеңіне қайын сіңділерімен ойнап кетіпті. Келіншәй ішуге келгендерге атасы: «Келін қора жақта ойнап жүр, кемпірімнің шәйін іше беріңдер» деген екен. Бұл болған оқиға негізі. Атасы кең жүректі кісі екен, келіннің балалығына түсіністік танытқан. Менің енем де дәл сондай жан болды. Қолымнан келгенше сыйлап өттім. Сол ұлағатты бүгінде өзіміз де жалғауға тырысып жүрген жайымыз бар.